

Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің Статистика әдіснамасын біріздендіру және мемлекеттік статистика органдарын үйлестіру жөніндегі шаралардың орындалуын бақылау тетігі туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 маусымдағы N 520 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің Статистика әдіснамасын біріздендіру және мемлекеттік статистика органдарын үйлестіру жөніндегі шаралардың орындалуын бақылау тетігі туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда министрі Владимир Сергеевич Школьникке Келісімнің жобасына қағидаттық сипаты жок өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берे отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

*Премьер-Министрі*

*Жоба*

Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің Статистика әдіснамасын біріздендіру және мемлекеттік статистика органдарын үйлестіру жөніндегі шаралардың орындалуын бақылау тетігі туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік (бұдан әрі - БЭК) құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің Үкіметтері,

статистика әдіснамасын біріздендіру және мемлекеттік статистика органдарының қызметін үйлестіру жөнінде келісілген шаралар қабылдаудың қажеттігін мойындағы отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Статистика комиссиясы 1994 жылы мақұлдаған ресми статистиканың негіз қалаушы қағидаттарын қолдана отырып, мына төмендегі туралы келісті:

## 1-бап

Осы Келісім статистика әдіснамасын біріздендіру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға, олардың орындалуын бақылауға және мемлекеттік статистика органдарының қызметін үйлестіруге қатысты жалпы мәселелерді реттейді.

Статистика әдіснамасын біріздендіру және Тараптардың мемлекеттік статистика

органдарының

қызметін

үйлестіру:

Тараптардың басқару органдарын экономикалық саясатты үйлестіру мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін салыстырмалы статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету;

БЭК комиссияларын БЭК-тің жұмыс істеу мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін негіз ретінде салыстырмалы статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету;

Тараптар арасында сауда мен инвестицияларды дамыту және БЭК комиссияларының құзыретіне кіретін басқа да мәселелерді шешу үшін қажет.

## 2-бап

Статистика әдіснамасын біріздендіру статистика саласындағы халықаралық ұйымдар әзірлеген және халықаралық статистикалық стандарттар ретінде ұсынылған құжаттардағы тұжырымдамалар, анықтамалар мен сыныптамалар негізінде жүзеге асырылуға тиіс.

## 3-бап

БЭК құру туралы Тараптардың статистика әдіснамасын біріздендіру жөніндегі шараларының орындалуын бақылау үкіметаралық деңгейде жүзеге асырылады. Осы Келісімді іске асыру мақсатында Статистика әдіснамасын біріздендіру және мемлекеттік статистика органдарын үйлестіру жөніндегі ұлтаралық жұмыс тобы (бұдан әрі - жұмыс тобы) құрылады.

## 4-бап

Жұмыс тобының қызметі статистикалық деректердің салыстырылымдылығын және олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етуге, статистикалық ақпарат алмасуды және оны таратуды ұйымдастыруға, Тараптардың статистикалық деректерінің біртұтас базасын құруға және жүргізуге бағытталған әрі осы Келісімнің ережелеріне, жұмыс тобының регламентіне сәйкес, сондай-ақ Статистика әдіснамасын біріздендіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шенберінде жүзеге асырылады.

Жұмыс тобы Тараптардың мемлекеттік статистика органдарының және басқа да мұдделі органдарының өкілдерінен, сондай-ақ келісім бойынша Тәуелсіз мемлекеттер достастығының Мемлекетаралық статистика комитетінің (бұдан әрі - ТМД Статкомитеті) өкілдерінен құрылады.

## 5-бап

Жұмыс тобы есептеу әдіснамасы біріздендірілуге тиіс статистикалық көрсеткіштердің тізбесін бекітеді. Тізбеде Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысуши мемлекеттердің Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің тізбесі туралы келісімге енгізілген көрсеткіштер қамтылуға тиіс.

Статистика әдіснамасын біріздендіру жөніндегі жұмысты жүзеге асыру мақсатында жұмыс тобынан тиіс:

жұмыс тобының регламентін;

Тараптардың статистика және басқа мүдделі органдарынан жинауға жататын тиісті көрсеткіштердің негіз қалаушы анықтамалары мен сыныпташының біріздендірілген сипаттамасын қамтитын құжаттарды бекітеді.

Жұмыс тобы бекітілген Статистикалық көрсеткіштер тізбесін ескере отырып, Статистика әдіснамасын біріздендіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын тузетеді.

Жұмыс тобы Статистика әдіснамасын біріздендіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады.

## 6-бап

Жұмыс тобы қызметінің шеңберінде статистика әдіснамасын біріздендіру жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді ТМД Статкомитеті жүзеге асырады. Осы мақсаттар үшін Т М Д Статкомитеті :

жұмыс тобының отырыстарын ұйымдастырады;

есептеу әдіснамасы біріздендірілуге тиіс статистикалық көрсеткіштердің тізбесін әзірлейді және жұмыс тобының бекітуіне ұсынады;

Тараптардың статистика және басқа мүдделі органдарынан жинауға жататын тиісті көрсеткіштердің негіз қалаушы анықтамалары мен сыныпташының біріздендірілген сипаттамасын қамтитын құжаттардың жобасын қалыптастырады және жұмыс тобының қарастырауды ұсынады;

Статистика әдіснамасын біріздендіру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес Тараптардың статистикалық көрсеткіштерінің біріздендірілген әдіснама ережелеріне сәйкестігінің мониторингін жүзеге асырады, оның нәтижелері туралы жұмыс тобына, Тараптардың мемлекеттік статистика органдарының және басқа да мүдделі органдарының басшыларына тұрақты түрде ақпарат береді;

Тараптардың басқару органдарына, БЭК комиссиялары мен Тараптардың басқа да мүдделі органдарына ұсынылатын статистикалық ақпараттың келісілуін қамтамасыз етеді ;

жұмыс тобы бекіткен тәртіпке және мерзімдерге сәйкес статистикалық ақпаратты жинауды, қорытуды және Тараптардың басқару органдарына, БЭК комиссиялары мен Тараптардың басқа да мүдделі органдарына табыс етуді жүзеге асырады;

Тараптардың біртұтас статистикалық дерекқорын жасайды және жүргізеді.

## 7-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың мемлекеттері қатысушы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындастын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## 8-бап

Тараптар арасындағы осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы консультациялар мен

## келіссездер

Ж О Л Ы М Е Н

шешіледі.

Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда кез келген Тарап дауды БЭК шеңберіндегі дауларды шешу жөніндегі органға шешүгे бере алады.

9-бап

Осы келісімге ескертпе жасауға жол берілмейді.

## 10-бап

Кез келген мемлекет осы Келісімге қатысушы бола алады.

Осы Келісімге қосылу шарттары осы Келісімге қатысушы мемлекеттер мен қосылатын мемлекет арасында жасалатын халықаралық шартта айқындалады.

11-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

12-бап

Осы Келісімнің күшіне енуінің және одан шығудың тәртібі Біртұтас экономикалық кеңістік қыру жөніндегі халықаралық шарттардың күшіне енуінің және одан шығудың тәртібі туралы хаттамада айқындалады.

200\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы Депозитарийде сақталады. Депозитарий функциясын БЭК комиссиясына бергенге дейін Қазақстан Республикасы осы Келісімнің Депозитарийі болып табылады. Депозитарий осы Келісімге қол қойған Тараптардың әрқайсысына оның қуәландырылған көшірмесін жібереді.

# Беларусь      Республикасының

## **Үкіметі үшін**

## Қазақстан Республикасының

## *Үкіметі үшін*

## *Үкіметі үшін*

## Украинаның Министрлар

### *Кабинеті үшін*